

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 мамырдағы N 177 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 маусымда N 2825 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 302 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.12.2019 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының
XXVI сессиясының төрағасы*

М. Қақабаев

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының Хатшысы*

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 21 мамырдағы № 177 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Большеизюм ауылдық округі ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Большой Изюм ауылының тұрғындары үшін	87
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Новоприречное ауылының тұрғындары үшін	24
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Северное ауылының тұрғындары үшін	6
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Октябрьское ауылының тұрғындары үшін	7
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Терновка ауылының тұрғындары үшін	3

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 21 мамырдағы № 177 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Большеизюм ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық

жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің әкімі шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі Большой Изюм, Новоприречное, Северное, Октябрьское және Терновка ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Большеизюм ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі ауылдары өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

